

## **«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МҚҚҚ**

### **№14 «Кұлагер» ересек тобы «Ұлы женіске 80 жыл!»**



**Тәрбиеші: Аябергенова А.Т**

**Оразова М.Н**

**2024 – 2025 оқу жылы**

**Мақсаты:** Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту.

Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелу.

**Ән: Ән ұран.**

**Көрнекілігі:** Ұлы Отан соғысы батырларының суреттері.

**Тәрбиеші:** Соғыста Кеңес Одағының бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында млн қазақстандықтар болған. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге колдарына қару алғып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мамбетова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Бауыржан Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы қазақтың көрнекі жазушысы.

- Балалар Отан - тұган жер туралы тақпақтар.

### Айкөркем

Отан үшін жанымызды береміз,

Отан үшін барлығына көнеміз.

Отаның да, аданың да алдында,

Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.

### Ерназар

Сарқылмайтын қуатым,

Тірегімсің сен Отан.

Мәңгі соғып тұратын,

Жүргегімсің сен Отан.

**Тәрбиеші:-** Иә сұралып соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте бер.

Дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымының терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек женіп шықты. Зұлымдық басқыншылық тізе бүкті. Бірлік, ерлік, халықтар достығы нығая түсті.

Арылтып жаудан жерінді,

Табанға жаншып өлімді.

Женіспен желліп өмірді,

Оралды ерлер көнілді,

Десендер бұл қай күні.

Тоғызыншы мамыр күні!

Тәрбиеші: Ұлы Отан соғысына қатысқан батырларымыз: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәмбетова, Әлия Молдагұлова, Мәлік Фабдуллин, Талғат Бигелдинов.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, қорғап қалған ерлерге тағым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақ өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызben еркін өмір сүріп, шаттана күлгениміз бәрі де сол Ұлы Отан соғысы жеңісінің жемісі. Әрине соғыс болмасын!

Біздер соғыска қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуга тырысадайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім, өз жеріміздің, патриоттары болайық.

Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қоргайды?

Балалар: Солдаттар.

Шекарада солдат тұр,

Ел бақытын қорғап тұр.

Көңілденсін ағалар,

Амандық хат жолдап тұр.

Флешмоб: «Десант» би!

Тәрбиеші: Осымен «Бейбіт күн жасасын әлемде!» атты тәрбие сағаты аяқталды.

